

Бірыңғай тіркелген салықтың ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұржар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 02 тамыздағы N 21-229-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұржар аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 06 қыркүйекте N 5-18-102 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұржар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 маусымдағы № 28-287/VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұржар аудандық мәслихатының 19.06.2018 № 28-287/VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 6 бабына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Салық Кодексінің 422 бабына сәйкес, Ұржар аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұржар ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу объектісінің бірлігіне бірыңғай тіркелген салықтың ставкаларын белгіленсін:

1) бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматына - 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

2) біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматына - 4 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

3) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерге - 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

4) ойын жолы үшін - 20 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

5) карт үшін - 8 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

6) бильярд үстеліне - 6 айлық есептік көрсеткіш көлемінде.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Миқанова

М. Бітімбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК